

Өндірістік жиналыс отырысының хаттамасы №1

13.09.2023 ж

«Аяна» б/б

Төрағалық етуші: К.Керимбаева

Хатшы: С.Садыбаева

Қатысқандар: 28

Күн тәртібі

1. Жаңа оқу жылының жоспарын талдау.
2. Балабақшадағы жалпы ата-аналар жиналысы мен жекм топтардағы ата-аналар жиналысының өткізілуі және хаттаманың уақтылы толтыру барысы.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі К.Керимбаева жаңа оқу жылының жоспарымен танысып талқыланды. Жоспар бойынша жаңа оқу жылындағы өзгерістер мен таныстырды. Жаңа оқу жылының дайындығы жайлы, күн тәртібі, топтардың санитарлық жай-күйі, топтар бойынша құжаттаманың жай күйіне тоқталды. Топтардың санитарлық жай күйі барлық топта үш мезгіл ылғалды тазалық жүргізілуін сонымен қатар моркировканың, ыдыс аяқтардың жеткілікті екенін тексеру барысында анықталғанын айтып өтті.

Келесі сөзді балабақша әдіскері Ж. Садыкова сөз алып жаңа оқу жылында барлық топта ата-аналар жиналысын дәстүрден тыс формада өтілуін, және де жаңа оқу жылының ата-аналар комитетінің жаңадан сайлау, балабақша мен отбасын ынтымақтастығын артыру мақсатында ата-аналар жұмысыын жүйелі түрде өткізуге керектігі айтылды. Топтағы ата-аналар жиналысы өтіп болған соң жалпы ата-аналар жиналыс болатынын, балабақша арасында балабақшаның жалпы ата-аналар комитетін сайлау керектігі айтып өтті, ата-аналар жиналысының хаттамасы жазылып жиналыс материалдарын жинау керектігі айтылды. Балабақша баланың жүрген ортасы сондықтан барлық топта элетр тогы жүргізілген көздері бар.

Тәрбиешінің орны оның үстелі әрдайым тәртіппен сақталуы қажет. Өткір заттарды яғни ине, қайшы, қағазға арналған пышақ немесе таяқшалар болса ұстамауын қадағалау. Жұмыста қайшыны борсық ұштарымен қолдану қажет. Сондай-ақ киімдерге түйреуіш немесе инелермен байланыстыруға қатаң тиым салынады. Тәрбиеші баланы көрмеген туысына немесе мас күйінде келген ата-анаға беруге тиым салынады. Жол ережесін қатаң сақтау

керек.Әрбір тәрбиеші жолдағы балалар жарақатын болдырмау үшін балаға түсіндірме айтуы керек.

Балалардың іс-әрекетін күн тәртібінде ұйымдастыру керек.мысалы жапсыру оқу қызметі кезінде балалармен қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып қайшымен желіммен жұмыс жасау керектігін түсіндіріп өту.Серуенде бір-бірін итермей таласпай бірге ойна,жалғыз өздерін қалдырмай үнемі балалармен бірге жүруін қадағалау.Балаларды тамақтандыру үшін шеті сынған ыдыспен тамақ бермеу қауіпсіздік ережесін сақтау.

Жиналыс шешім етеді:

- 1.Жаңа оқу жылының жоспарын талдалдап іске асырылсын.
- 2.Балабақшадағы жалпы ата-аналар жиналысы мен жекм топтардағы ата-аналар жиналысының өткізілуі және хаттаманың уақтылы толтырылып ,жүйелі жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы :

Хатшы:



К.Керимбаева

С.Садыбаева

Өндірістік жиналыс отырысының хаттамасы №2

09. 11.2023 ж

«Аяна» б/б

Төрағалық етуші: К.Керимбаева

Хатшы: С.Садыбаева

Қатысқандар: 28

Күн тәртібі

- 1.Балалардың денсаулық топтарын және физикалық денсаулығын тексеру мен қызметкерлердің медициналық бақылаудан өту қортындысы
- 2.Балабақшадағы адамгершілік-құқықтық тәрбие жұмысын ұйымдастыру.
- 3.Күннің 1-жартысындағы режимдік өтілуін салыстырмалы түрде бақылау қортындысы.
- 4.Ағымдағы мәселер

Тыңдалды: Балабақша медбикесі Ш.Худайбергенова балалардың денсаулық топтарын және физикалық денсаулығын тексеру мен қызметкерлердің медициналық бақылаудан өту қортындысы бойынша медбике медициналық тексеруден алты айда бір рет өту керектігін, қызметкерлерге арнайы кесте құрылып уақтылы өтуде.Қызметкерлер арасында жұкпалы аурумен ауырған қызметкерлер тіркелмеді барлығы уақтылы өтуде.

Екінші мәселе бойынша әдіскер Ж. Садыкова сөз алып: Мектеп жасына дейінгі кезең – адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Осы аралықта мектеп жасына дейінгі балалардың игерген рухани байлығы, білімі, дағдысы, қабілеті өмір бойына із қалдырып, оның өз деңгейінде дұрыс жетілуіне негіз болады. Сол себепті де мектепке дейінгі ұйымдарда білім нәрін ұсынатын біз тәрбиешілерге аса назар аударады. Биыл біздің ұжым өз алдына мынадай жылдық міндет қойып отыр: «Балабақша және отбасы сабақтастығы арқылы мектеп жасына дейінгі балаларға адамгершілік-патриоттық тәрбие беру». Осы міндетті негізге ала отырып біз, сіздер ата-аналар балаларымызға адамгершілік-патриоттық тәрбие беруіміз керек. Баланың бойына адамгершілік нормаларын меңгерту, еңбекке баулу, жағымды әдет-дағдыларын қалыптастыру, келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу туралы айтып өтті.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер Ж.Садыкова күннің 1-жартысындағы режимдік өтілуін салыстырмалы түрде бақылау қортындысы туралы

салыстырмалы тексеру қортындысы туралы кемшіліктер мен жетістіктерге тоқталып өтті.

Күн тәртібіндегі айтылған мәселелерді қортындылай келе шешім шығарды.

Қаулы етеді:

- 1.Балалардың денсаулық топтарын және физикалық денсаулығын тексеру мен қызметкерлердің медициналық бақылаудан өтілуі қадағалансын.
- 2.Балабақшадағы адамгершілік-құқықтық тәрбие жұмысын ұйымдастыру жұмыстары күнделікті жүргізілсін.
- 3.Күннің 1-жартысындағы режимдік өтілуін салыстырмалы түрде бақылау қортындысы бойынша жұмыстар жүргізілсін.
- 4.Ағымдағы мәселер бойынша шешімдер қабылдансын

Жиналыс төрайымы

К.Керимбаева

Хатшы

С.Садыбаева



Өндірістік жиналыс отырысының хаттамасы №3

19.01.2024 ж.

«Аяна» б/б

Төрағалық етуші м.у.м.а. Ж.Садыкова

Хатшы: С.Садыбаева

Қатысқандар: 28

Күн тәртібі

- 1.№3 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы.
- 2.Күннің 2-жартысында тәртіп кезеңдерін өткізу ойындарды жоспарлау бірізділігі
- 3.Мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілерінің дайындық деңгейі
- 4.Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды :

Балабақша меңгеруші қызметін атқарушы Ж.Садыкова сөз алып , өткен өндірістік шешімдердің орындалуына тоқталып өтті.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж.Садыкова сөз алып күннің екінші жартысындағы күн тәртібінің орындалуын режимдік сәттердің орындалуы сонымен қатар циклограмадағы жоспарланған ойындардың өткізілу деңгейіне тоқталып ,ойындардың жоспарлау барысын атап өтті.

Мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілерінің дайындық деңгейін анықтау мақсатында тест тапсырмалары алынды ,және дидактикалық материалдарды пайдалану арқылы сұрақтар қойылды . Балалардың инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып балалардың интеллектуалдық қабілеттерін логикалық ойлауын дамытуда заттардың қасиеттерін бағдарлау,қоршаған ортаны тану, дағдылар, экологиялық мәдениет негіздері, математикалық ұғымдар, іздеу және эксперименттер, іс-әрекет,ақпаратпен жұмыс жасалынып,өздігінен қозғалу белсенділігі артуы қажет.

Салауатты өмір салты,бір-бірімен ара қатынас мәдениеті,тілдің грамматикалық құрылымы,сөйлеу мәдениеті, көркем әдеби шығармашылықпен және мінез-құлық дағдылары мен адамгершілік нормаларымен тығыз байланыста болуы тиіс.Жазғы демалысқа жабдықтарды яғни бояу, сырлау, құм түсіру қажет екендігі айтылды.

Балабақшадағы жылудың сақталуы ,балалардың топқа толық күн қатысуын ескертіп өтті.

Жиналыс қаулы етеді:

1. №3 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы қаңғаттанарлық деп есептелсін.
2. Күннің 2-жартысында тәртіп кезеңдерін өткізу ойындарды жоспарлау бірізділігі сақталсын
3. Мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілерінің дайындық деңгейі қанағаттанарлық деп есептелсін
4. Ағымдағы мәселелер бойынша жұмыстар жүргізілсін



Жиналыс төрағасы

Ж.Садыкова

Хатшысы:

С.Садыбаева

Өндірістік жиналыс отырысының хаттамасы №4

22. 05.2024 ж.

«Аяна» б/б

Төрағалық етуші: К.Керимбаева

Хатшы: С.Садыбаева

Қатысқандар: 27

Күн тәртібі

1. Жазғы мезгілде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық.
2. Қызметкерлердің демалыс кестесін талқылау және бекіту.
3. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды :

Балабақша меңгерушісі К.Керимбаева сөз алып , өткен өндірістік шешімдердің орындалуына тоқталып өтті. Жаз мезгілінде балалардың өмірімен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықпен таныстырды. Барлық топ тәрбиешілеріне балабақша қызметкерлерінің бала өмірімен денсаулығы жөнінде оларды қорғау үшін ережелермен таныс екендігін айтып осы ереженің күші жойылмағаны одан әрі осы ережені бұлжытпай орындалуын талап етті.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж.Садыкова сөз алып ,қызметкерлердің демалыс кестесін талқылап ,еңбек демалысына кеткен тәрбиешілердің орына ,ауысатын қызметкерлерді атап олардың жауапкершілігін түсіндірді.

Меңгеруші К.Керимбаева сөз алып, жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жоспарымен таныстырып,талдау жасады.Апталық тақырыптарға сай қорытындылау нәтижесінде ойын-сауық өткізіледі.Ойын сауыққа жауапты педагогтер бекітілді.

Балаларды жазғы сауықтыру кезеңде дене сауықтыру жұмысы,ұсақ моториканы дамыту ойындары,спорттық және қимылды ойындар таңертеңгі гимнастика, сергіту сәттері,музыкалық –ырғақтық қимылдар,дербес қимыл белсенділігі,тыныс алу жаттығулары,серуендер, жарыстар,тиімді тамақтану ұйымдастырылады.

Мектепке дейінгі ұйымда жаз кезеңі шығармашылық сауықтыру мен қарым – қатынас ойындар сауық кештер, бірлескен және жеке еңбек ,тәжірибелік – эксперименттік әрекет түрлерінде қамтиды.

Ағымдағы мәселелер бойынша жаз мезгіліндегі қауіпсіздік шараларының қатаң сақталуын талап етілді.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Жазғы мезгілде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық таныстырылсын
2. Қызметкерлердің демалыс кестесін талқылау және бекітіліп жауапты қызметкерлерге таныстырылсын
3. Ағымдағы мәселелер бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы:



К.Керимбаева

Хатшысы:

С.Садыбаева